

Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуге арналған ҮЛГІ ШАРТ

Осы Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуге арналған үлгі шарт (бұдан әрі – Шарт) «Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 1369 бұйрығы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Оператор» деп аталатын «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының осы Шартқа қосылған, бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын тұлғаға фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсету талабын айқындайды. Бұдан әрі Оператор мен Пайдаланушы бірлесіп Шарт бойынша «Тараптар» деп аталады.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

1. Осы Шартта және оның қосымшаларында мынадай терминдер мен қысқартулар қолданылады:

Авторландыру деректері – логин/пароль және/немесе қатынау кілті және/немесе СМС-код және/немесе басқа да ұқсас ақпарат. Пайдаланушы оны пайдалану арқылы Оператордың Деректерді өңдеу орталығына және/немесе басқа ресурстарына қашықтан қатынау мүмкіндігін алып, Шартта көзделген талаптармен тиісті Қызметтерді толық функционалды пайдалана алады.

1-өтінім – Фискалды деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметтерін көрсету Үлгі шартына қосылуға, Қызметті қосуға және тарифтеуге өтінім, Пайдаланушының қосылуы туралы Пайдаланушы туралы мәліметтен, Пайдаланушының БКМ, Пайдаланушы таңдаған Қызметтерге қосылу әдісі, Тарифтік жоспар және Қызметтерді қосу күні туралы порталда ЭЦҚ немесе СМС-код арқылы Пайдаланушы қол қойған ақпараттан тұратын электронды құжат. 1-өтінім нысаны Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2-өтінім – қызметтерді қосуға және тарифтеуге өтінім, Пайдаланушы, Пайдаланушының БКМ туралы мәліметтен, Пайдаланушы таңдаған Қызметтерге қосылу әдісі, Тарифтік жоспар және Қызметтерді қосу күні

туралы Порталда ЭЦҚ немесе СМС-код арқылы Пайдаланушы қол қойған ақпараттан тұратын электронды құжат. Пайдаланушы 2-өтінімге Жаңа (қосымша) БКМ қосқан, тарифтік жоспарды ауыстырған немесе бұрын қосылған, бірақ тоқтатылған тарифтік жоспарды қосқан кезде, сондай-ақ Шартта көзделген өзге де жағдайларда қол қояды. 2-өтінім нысаны Шартқа 3-қосымшада келтірілген.

БКМ – деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-кассалық машина.

Дербес шот – Пайдаланушы Қызметтерге төлем жасау шотына енгізген, көрсетілген Қызметтер көлемін, ақшалай қаражаттың түсуі және жұмсалуды есепке алуға арналған Оператордың талдау есебінің құжаты.

Жеке кабинет – Пайдаланушыға өзінің Дербес шотының жай-күйін тексеруге, пайдаланылатын Қызметтерді басқаруға, оның ішінде Қызметтерді қосуды іске қосуға немесе одан бас тартуға, сондай-ақ Оператор белгілеген шарттарда өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін порталдың арнайы бөлімі.

Есеп беру кезеңі – тиісті Қызметтер көрсетілген күнтізбелік ай.

Дербес деректер – ақпарат негізінде айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты мәлімет.

Портал – www.oofd.kz, www.ismet.kz (бұдан әрі – ISMET) адрестері бойынша орналасқан Пайдаланушымен интерактивті өзара әрекеттесуге арналған Оператордың интернет-ресурстары.

СМС-код – жеке кәсіпкерге Қазақстан Республикасының мобильді азаматтарының базасында немесе өзге де ұқсас ақпараттық жүйеде тіркелген оның абоненттік телефон нөміріне берілген және оны пайдаланған жағдайда Электрондық құжаттың дұрыстығын, оның Пайдаланушыға тиесілігін, Пайдаланушының оған қол қоюын және оның мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын біржолғы код.

Тарифтік жоспар – Қызметтердің тізбесі мен құнын, оларды ұсыну, тарифтеу ерекшелігі мен қолданылу мерзімін айқындайтын Оператор белгілейтін тарифтік ұсыныс. Тарифтік жоспардың сипаттамасы және Қызметтерді көрсету шарттары Шартқа 2-қосымшада келтірілген.

Техникалық және ақпараттық қолдау – Қызметтерді көрсету мәселелері бойынша Оператордың Пайдаланушыға көрсететін ауызша және жазбаша кеңестері (ақпараттық қолдау), сонымен бірге Қызметтерді көрсетуге байланысты Оператордың жауапкершілігі аумағында пайда болатын техникалық проблемаларды жою (техникалық қолдау).

Қызметтер – деректерді беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолданып іске асырылатын ақшалай есептесу операциялары туралы электронды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру және Тарифтік жоспарға енгізілген басқа да қызметтер.

Оператордың деректерді өңдеу орталығы – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес БКМ қолданып іске асырылатын ақшалай есептесу операциялары туралы электронды ақпаратты

кабылдау, өңдеу, сақтауға мүмкіндік беретін бағдарламалық-аппаратты кешен орналасқан арнайы орынжай.

Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және оны пайдаланған жағдайда Электрондық құжаттың дұрыстығын, оның Пайдаланушыға тиесілігін, Пайдаланушының оған қол қоюын және оның мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

Электрондық құжат – ақпарат электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және ЭЦҚ немесе СМС-код арқылы куәландырылған құжат.

VPN арнасы – БКМ-ның Оператордың деректерді өңдеу орталығымен қосылуын қорғауды қамтамасыз ететін виртуалды жеке желі.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қосылу шарты болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шарттың талаптарын Оператор өздігінен белгілейді және Пайдаланушы оларды тек осы Шартқа жалпы қосылу арқылы ғана қабылдайды.

3. Шарт барлық Пайдаланушыларға таратылады және ол Пайдаланушымен бұрын жасалған Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуге арналған үлгі шартын/ Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуге және бақылау-касса машинасын жалға беруге арналған үлгі шартын (бұдан әрі – Үлгі шарт) ауыстырады. Бұл ретте пайдаланушы қол қойған үлгілік шартқа қосымшалар осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылады және осы Шарттың деректемелеріне сәйкестік және Шарттың осы тармағына сәйкес тарифтік жоспардың өзгеруі бөлігінде қоспағанда, өзгеріссіз қалады. Шарт күшіне енген күннен бастап, Қызметтерді көрсету талаптары осы Шарттың талаптарына сәйкес анықталады. Бұл ретте Үлгі шартқа бұрын қосылған Пайдаланушы шартқа 2-қосымшада көрсетілген "1 айға жазылу" тарифтік жоспары бойынша оған қызметтер көрсету шартымен, егер ол операторға тиісті үлгілік шарттың талаптарында көзделген тәртіппен үлгілік шарттан бас тарту туралы хабарламаған жағдайда, ал мұндай тәртіп болмаған жағдайда, шартты порталда бірінші орналастырған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жазбаша нысанда хабарлайды. Операторға мұндай өтінімнің көрсетілген мерзімде түспеуі, Пайдаланушының осы Шартта көрсетілген талаптарды орындау бойынша әрекеттерді жасауы (Қызметтерді пайдалану, Қызметтерді төлеу және т.б.) Пайдаланушының Шарт талаптарын сөзсіз қабылдағанын және оның Шартқа жалпы қосылғанынын білдіреді.

4. Жаңа Пайдаланушының Порталда орналастырылған 1-өтінімнің электронды нысанына ЭЦҚ немесе СМС-код арқылы қол қоюы оның Шарт талаптарымен сөзсіз келіскенін және оған толықтай қосылғанын білдіреді.

5. Пайдаланушы Порталда орналастырылған 1-өтінімнің/2-өтінімнің электронды нысанына ЭЦҚ немесе СМС-код арқылы қол қоя отырып, Қызметті қосуға және Тарифтік жоспарға сәйкес тарифтелуіне өзінің сөзсіз келіскенін білдіреді.

6. Тараптар Шарт негізінде Порталда қалыптастырылған және Пайдаланушының ЭЦҚ немесе СМС-код арқылы қол қойылған Электрондық құжаттар (1-өтінім, 2-өтінім және т.б.) қағаз жеткізгіштердегі қол қойылған құжаттарға тең екенін таниды.

7. Осы Шартқа қосыла отырып, Пайдаланушы:

1) осы Шартты орындау;

Пайдаланушының Қызметтерге ақы төлеуді төлем жүйелері мен мобильдік қосымшалар арқылы жүзеге асыруы;

субъектілері жедел-ізвестіру және бақылау-барлау шараларын жүргізу үшін жедел-ізвестіру және бақылау-барлау қызметінің талаптарын қамтамасыз етуді қоса алғанда Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын орындау мақсатында:

Операторға және/немесе үшінші тұлғаларға пайдалануға қажетті Пайдаланушының дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жинауға және өңдеуге;

2) Пайдаланушыдан алған тіркеу деректерін және бақылау-касса машиналарын қолданып жүзеге асырылған ақшалай есеп айырысулар, операциялар туралы мәліметтерді жинауға, өңдеуге және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарына беруге;

3) Оператордың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарынан Пайдаланушының тіркеу деректерін және Пайдаланушы, оның ішінде Пайдаланушының өзінен жүргізген бақылау-касса машиналарын қолдана отырып жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар, операциялар туралы мәліметтерді алуына және өңдеуіне. Бұл ретте Оператор салықтық құпия болып табылатын Пайдаланушы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған жауапкершілікте болады;

4) Шарт бойынша берешекті өндіру жұмыстарын жүргізуге Оператор тартқан үшінші тұлғаларға Пайдаланушының дербес деректерін, Пайдаланушы алған Қызметтердің көлемі мен құны, берешек сомасы туралы мәліметті, берешектің бар екенін растайтын құжаттарды және соған қажетті басқа да ақпараттарды беруге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға беру мақсатында Пайдаланушы туралы қызметтік ақпаратты жинауға және өңдеуге;

6) Пайдаланушыдан алынған тіркеу деректерін және ақшалай есеп айырысулар, бақылау-касса машиналарын қолдана отырып жүзеге асырылатын операциялар туралы мәліметтерді, оның ішінде дербес деректерді маркетингтік зерттеулер мен деректерді талдауды жүзеге асыру мақсатында жинауға және өңдеуге (бастапқы деректерді кері қалпына келтіру

мүмкіндігінсіз міндетті түрде алдын ала иесіздендіру жағдайында) келісім береді.

Пайдаланушы деректерді өңдеу нәтижесінде Оператор алған иесіздендірілген деректердің ҚР "Ақпараттандыру туралы" Заңының 33-бабының 5-тармағына сәйкес Операторға тиесілі екендігімен келіседі және оның ішінде Оператордың тапсырмасы бойынша зерттеулер жүргізу, Жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету үшін ол серіктестерге және өзге үшінші тұлғаларға беруі мүмкін.

Оператор тіркеу деректері мен Пайдаланушыдан алынған бақылау-касса машиналарын қолдана отырып жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар, операциялар және иесіздендірілген деректер туралы мәліметтерді жеке сақтауды қамтамасыз етеді.

Пайдаланушы Шарттың 7-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген келісімді кері қайтарып алған жағдайда, Оператор бұл туралы Пайдаланушыны Шартты тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Қызметтер көрсетуді тоқтатуға және/немесе Шарттың қолданылуын біржақты тәртіпте тоқтатуға құқылы. Пайдаланушының Шарттың 7-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген келісімді кері қайтарып алуы Оператордың бастамасы бойынша Қызметтер көрсетуді тоқтатуға және/немесе шартты тоқтатуға әкеп соқпайды.

3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

8. Оператор осы Шарттың талаптарына сәйкес Пайдаланушыға Қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Пайдаланушы қызметтерді пайдалануға және оларды осы Шарттың талаптарына және тарифтік жоспарға сәйкес төлеуге міндеттенеді.

9. Қызметтер Пайдаланушыға келесі шарттар жиынтығы орындалғанда ұсынылады:

- 1) VPN арнаны ұсынуға техникалық мүмкіндік бар;
- 2) Пайдаланушы 1 және 2-өтінімде көрсеткен деректер дұрыс болып табылады;
- 3) Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін БКМ-ны меншік құқығында немесе басқа заңдық негізде иеленеді;
- 4) Пайдаланушының БКМ қызметтері бойынша оператор алдында берешегі жоқ;
- 5) Пайдаланушы Қызметтерді қосу күніне дейін дербес шотта әрбір қосылған БКМ үшін Тарифтік жоспар құнының шартына 2-қосымшада белгіленген мөлшеріне тең не одан асатын мөлшерде соманың (ақшаның) болуын қамтамасыз етті;
- 6) Пайдаланушы Тарифтік жоспарға сәйкес Қызметтерді қосу үшін қажетті басқа да талаптарды орындады.

10. Қызметтер мен Тарифтік жоспарлар туралы ақпарат Порталда орналастырылады, сонымен қатар Оператордың консультациялық-анықтамалық қызметіне хабарласқан кезде Пайдаланушының назарына жеткізіледі.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

11. Оператор:

1) осы Шарт жасалып, БКМ тіркеуге алынып, Қызметтерге қосылғаннан кейін Қызметтерді көрсетуге кірісуге;

2) Пайдаланушыға Қызметті осы Шартта қарастырылған көлемде және мерзімде және Тарифтік жоспарға сәйкес көрсетуге;

3) Қызметтердің көрсетілуі мен Пайдаланушының оларды төлеу есебін жүргізуге;

4) Порталда тіркеу және Қызметтерді көрсету үдерісі кезінде Пайдаланушыдан алған ақпараттың құпиялығын сақтауға. Құпия ақпаратты ашуға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған жағдайларда жол беріледі;

5) Пайдаланушыға Жеке кабинетке қатынау мүмкіндігін беруге;

6) Көрсетілетін қызметтерді алуды қиындататын немесе нашарлататын, туындаған төтенше жағдайлар туралы Пайдаланушыға мүмкіндігінше уақтылы хабарлауға;

7) Оператордың Деректерді өңдеу орталығының іркіліссіз ақауға төзімді жұмысын қамтамасыз етуге;

8) БКМ Оператордың Деректерді өңдеу орталығымен VPN қосылуын қамтамасыз етуге;

9) порталда Пайдаланушыға қызмет көрсетуге, Шартты, тарифтерді, тарифтік жоспарды өзгертуге және т. б. байланысты ресми хабарларды жариялауға;

10) Қазақстан Республикасы бойынша бірыңғай қоңырау шалу нөмірімен тәулік бойы Ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және беру қызметін Пайдаланушыларға ақпараттық және техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін консультациялық-ақпараттық қызметті қамтамасыз етуге (бірыңғай қоңырау шалу нөмірі Порталда көрсетілген);

11) Бірыңғай қоңырау шалу нөмірі бойынша және/немесе электронды пошта арқылы консультациялық-ақпараттық қызметке жолданған Пайдаланушының өтінімі бойынша Қызметтерді көрсетудегі бүлінімдерді, сапаның нашарлауын немесе үзілістерді жою шараларын қабылдауға. Оператордың VPN арнасының жұмысында жетіспеушіліктер болса, қажет болған жағдайда, Пайдаланушыға оларды жою үшін тиісті персоналды жіберуге міндетті. VPN арнасының жұмысындағы Оператордың кінәсінен болған бұзылымдарды жою уақыты Пайдаланушының өтінімі тіркелген сәттен бастап 72 сағаттан аспауы тиіс.

12. Оператор:

1) Осы Шарт бойынша өзіне барлық құқықтарды қалдыра отырып, мына жағдайларда Қызметтерді көрсетуді тоқтатуға:

Шарттың 17-тармағында көзделген жағдайда;

төлем мерзімдері бұзылған кезде (берешектің бары және сомасы туралы ақпарат Пайдаланушының Жеке кабинетінде көрінеді);

егер Оператордың негізделген пікірі бойынша Пайдаланушының Қызметтерді қолдануы Операторға залал келтіретін болса және/немесе Оператордың және үшінші тұлғалардың техникалық және бағдарламалық құралдарының іркілісіне әкелетін болса;

Пайдаланушы кодтарды қамтитын, өз әрекеті бойынша компьютерлік вирустардың немесе оларға теңелетін басқа да компоненттердің тиісті әрекеттері Оператордың байланыс желісінің жұмысын бұзуға әкелетін кез келген ақпаратты немесе ЭЕМ арналған бағдарламаларды жариялаған немесе таратқан жағдайда;

егер Қызметтерді көрсету мемлекеттің қауіпсіздігіне және қорғаныс қабілетіне, адамдардың денсаулығына және қауіпсіздігіне қауіп төндіретін болса;

уәкілетті мемлекеттік органның ұйғарымы негізінде;

Пайдаланушы осы Шарттың басқа да талаптарын бұзған жағдайда.

Оператор Қызметтер көрсетуді Қызметтерді ұсынуды тоқтатуға негіз болған бұзушылық және/немесе орын алған жағдайлар жойылғаннан кейін қайтадан жаңартады;

2) осы Шарт талаптарын орындау үшін Пайдаланушыдан қажетті ақпаратты алуға;

3) осы Шартты орындауға үшінші тұлғаларды, олардың әрекеттеріне өз әрекеттеріндей жауап бере отырып тартуға;

4) Шарттың 37-тармағында көзделген тәртіппен осы Шартқа қосымшаларды, сондай-ақ тарифтер мен тарифтік жоспарды қоса алғанда, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

5) осы Шарттың 12-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша қызметтер көрсетуді тоқтата тұрған күннен бастап күнтізбелік бір ай өткен соң шарт бойынша қызметтер көрсетуді тоқтатуға. Оператор VPN-қосылуды ұсынудың техникалық мүмкіндігі болған кезде, сондай-ақ дербес шотта әрбір қосылған БКМ үшін Тарифтік жоспар құнының шартына 2-қосымшада белгіленген мөлшерге тең не одан асатын мөлшерде сома (ақша) болған кезде Жеке кабинетте берілген Пайдаланушының өтініші бойынша Қызметтер көрсетуді қалпына келтіруді жүргізеді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Шартта қарастырылған жағдайда және тәртіпте Шартты бұзуға;

7) Пайдаланушының берешегі болған жағдайда, осы берешекті талап ету үшін үшінші тұлғаларды тартуға. Пайдаланушының дербес деректерін, қолданған қызметінің сомасын, берешек сомасын, берешектің бар екенін растайтын құжаттар енетін және берешекті өтеуге қажетті барлық басқа

ақпаратты Оператордың мұндай үшінші тұлғаға беретінімен Пайдаланушы келіседі;

8) Шарт талаптарына сәйкес Қызмет көрсету кезінде Пайдаланушыдан алынған деректерге маркетингтік зерттеулер мен талдаулар жүргізге;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, оның ішінде нотариустың атқарушылық жазба жасауы арқылы Пайдаланушыдан осы Шарт бойынша берешекті өндіріп алуға құқылы.

13. Пайдаланушы:

1) Оператор Порталында орналастырылған нұсқаулыққа, сонымен қатар БКМ пайдаланушысының нұсқаулығына сәйкес, Оператордың Деректерді өңдеу орталығына БКМ-ді қосуға;

2) жерүсті VPN-арнасын қосқаннан кейін дереу, егер оны Оператор бекіткен нысан бойынша ұсынса, жұмыстарды қабылдау актісіне және/немесе жабдықты уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға) беру актісіне қол қоюға;

3) егер жабдық Пайдаланушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілген жағдайда, Шарттың қолданылуы тоқтатылғанға дейін жабдықты ақаусыз күйде және тиісті түрде Операторға қайтаруға немесе жабдық жоғалған /нәтижесінде оны одан әрі тиісінше пайдалану мүмкін болмайтын елеулі бүлінген кезде Жабдықты беру актісінде көрсетілген жабдық құнын Операторға өтеуге не Операторға жабдықтың өзге де зақымдануы кезінде жабдықты жөндеуге жұмсалған соманы өтеуге;

4) егер Пайдаланушының жергілікті байланыс желісі VPN арнасын қосу нүктесі БКМ-нен тыс орналасқан жағдайда ұйымдастырылған болса, онда БКМ-дан Оператордың VPN арнасына қосу нүктесіне дейін берілетін деректердің сақталуын және қауіпсіздігін өздігінен қамтамасыз етеді;

5) Оператор көрсететін Қызметтерге уақытылы және толық көлемде төлем жасауға;

6) Қызмет көрсетуді тоқтату қажет болған жағдайда (БКМ есептен шығару, есептен шығару және т.б.) Шарттың 36-тармағында белгіленген тәртіпте Қызмет көрсетуді тоқтатуға және осы Шартты бұзуға өтінім беру.

7) тіркеу және авторландыру деректерінің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз ресурстарын дәл келтіруді және жеке кабинетті үшінші тұлғалардың жосықсыз пайдалануынан қорғауды қамтамасыз ететін тәсілмен пайдалануды жүзеге асыруға. Көрсетілген міндетті орындамаған жағдайда Пайдаланушы толық жауап береді. Пайдаланушының тіркеу деректерін қолданып, іске асырылған барлық әрекет Пайдаланушы орындаған болып есептеледі;

8) мыналар туралы тез арада Операторға хабарлауға:

Қызметті пайдалануда туындаған бұзылымдар туралы Оператордың консультациялық-ақпараттық қызметіне бірыңғай қоңырау шалу нөмірі және / немесе электрондық пошта арқылы өтініш беру жолымен (Порталда Оператордың консультациялық-ақпараттық қызметінің бірыңғай қоңырау шалу нөмірі мен электрондық мекенжайы көрсетілген);

өзінің авторландырылған деректерінің жоғалғаны туралы немесе өзінің тіркеу және (немесе) авторландырылған деректерінің құпиялығының бұзылуына қатысты негізделген күдіктері болған жағдайда;

9) Порталда тіркеу кезінде және 1, 2-өтінімдерді беру кезінде дұрыс деректерді ұсынуға, олар өзгерген жағдайда жедел түрде өзектендіруге;

10) Шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

11) Қызметті пайдалану кезінде белгіленген техникалық талаптарды орындауға және жабдықтың бұзылуына және Оператордың Деректерді өңдеу орталығы мен байланыс желісі жұмысының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасамауға;

12) қызметі тоқтаған, қайта құрылған, құқығы қалпына келтірілген, таратылған (банкрот) жағдайда, Операторға тиісті шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға;

13) Шарт талаптарының, тарифтің, тарифтік жоспардың өзгеруі, желідегі авариялар және оларды жою мерзімдері және т. б. туралы ақпаратты қоса алғанда, Порталда орналастырылған Қызметтерді көрсетумен байланысты ақпаратпен тұрақты танысуға;

14) осы Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасын сақтауға, сондай-ақ Операторға "жедел желі" арқылы немесе Оператордың консультациялық-ақпараттық қызметіне Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасының кез келген болжамды және нақты бұзушылықтары туралы жүгіну жолымен ақпарат беруге және Операторға бухгалтерлік және Шартқа байланысты өзге де қаржылық-шаруашылық құжаттамаға мерзімдік аудит (тексеру) жүргізуге міндеттенеді.

14. Пайдаланушы:

1) Қызметтерді Шартқа сәйкес пайдалануға;

2) Оператордан деректемелер, жұмыс кестесі, көрсетілетін Қызметтер туралы қажетті ақпаратты ұсынуды талап етуге;

3) техникалық немесе ақпараттық қолдау қажет болған жағдайда Операторға Порталда көрсетілген бірыңғай қоңырау шалу нөмірі және / немесе электрондық пошта мекенжайы арқылы байланысуға;

4) Шарттың 36-тармағында көзделген тәртіппен Қызметтер көрсетуді тоқтатуға және осы Шартты бұзуға өтінім беруге.

5. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

15. Пайдаланушы қызметті қосу/тарифтік жоспарды іске қосу күніне дейін дербес шотта әрбір қосылған БКМ үшін пайдаланушы таңдаған тарифтік жоспардың құны шартына 2-қосымшада белгіленген мөлшерге тең не одан асатын сомалардың (ақшаның) болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Пайдаланушы жеке шотты толықтыруды Шарттың 43-

тармағында көрсетілген оператордың банктік шотына ақша аудару арқылы теңгемен жүзеге асырады.

16. Пайдаланушының жеке шотынан пайдаланушы таңдаған тарифтік жоспардың құны мөлшерінде жазылудың барлық мерзімі үшін ақшаны есептен шығару тарифтік жоспарды іске қосқан күні бір рет жүзеге асырылады.

Оператор қызметтерді қосуды Пайдаланушының дербес шотында Шарттың 15-тармағында айқындалған мөлшерде сома (ақша) болған кезде ғана жүзеге асырады.

17. Қолданыстағы тарифтік жоспардың мерзімі аяқталғаннан кейін, егер Пайдаланушының дербес шотындағы сома таңдалған тарифтік жоспарға сәйкес қызметтер құнынан аз болса, Оператор қызметтер көрсетуді тоқтата тұрады.

18. Қызметтерге қолжетімділікті қалпына келтіру пайдаланушының Жеке шотына тиісті мөлшерде алдын ала төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

19. Оператор ай сайын:

есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне дейінгі мерзімде Пайдаланушыға орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін ISMET арқылы электрондық нысанда не Пайдаланушының есепті кезеңнен кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен кешіктірмей берген өтініші бойынша қағаз жеткізгіште жібереді;

есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне дейінгі мерзімде электрондық шот-фактуралардың веб-порталы арқылы www.esf.gov.kz көрсетілген қызметтер үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен электрондық шот-фактураларды (бұдан әрі – ЭШФ) ұсынады.

20. Пайдаланушы есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қоюға міндетті. Бұл ретте, егер Пайдаланушы көрсетілген мерзімде орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қоймаса және Операторға оған қол қоюдан дәлелді бас тартуды жібермесе, Қызметтерді Пайдаланушы қабылдаған болып есептеледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

21. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайда Шарт талаптарына сәйкес, ал Шартпен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

22. Оператор Пайдаланушының Қызметтерді тиісті деңгейде пайдаланбағаны және/немесе пайдалана алмауы салдарынан туындаған қандай да бір шығындар үшін жауапты болмайды.

23. Оператор мыналар үшін жауапты емес:

1) Шарттың міндеттемелерін орындамаудан және/немесе тиісті деңгейде орындамаудан Пайдаланушы мен үшінші тұлғалар арасында туындаған дауларға;

2) Оператордың жабдығы мен бағдарламалық жасақтамасын ауыстырған немесе техникалық құралдарының жұмыс істеу мүмкіндігін қолдау және дамыту қажеттілігінен туындаған басқа жұмыстарды жүргізетіндігі туралы Пайдаланушыға оларды жүргізу күнінен бір тәулік бұрын хабарлап, жүргізген жағдайда, Қызметтерді көрсетудегі толық немесе ішінара үзілістер үшін;

3) жергілікті жердің метеорологиялық жағдайының, рельефінің және өзге де объективті себептердің салдарынан радиотолқындарды тарату ерекшеліктеріне байланысты Қызметтер сапасының ықтимал нашарлауына;

4) Оператордың телефон арқылы берген кеңесі немесе Порталда орналасқан оның нұсқаулықтарын Пайдаланушының дұрыс орындамауынан Пайдаланушы үшін ықтимал қолайсыз салдар үшін;

5) Қызметтерді алу үшін Пайдаланушы пайдаланатын жабдықтың және бағдарламалық жасақтаманың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

6) Пайдаланушының ақаулы және/немесе Оператордың талаптарына сәйкес келмейтін жабдықты пайдалану салдарынан Қызметтердің қанағаттанарлықсыз сапасына, Қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылуы немесе Қызметтерді көрсетудегі іркіліс үшін;

7) Пайдаланушының Қызметтерді қолдану кезінде Операторға беретін (алатын) ақпараттың мазмұны үшін;

8) Операторға байланысты емес жағдайлармен электр энергиясын берудегі іркілістерден болған Қызметтерді көрсетудегі үзілістер үшін;

9) Операторға тиесілі емес бағдарламалық жасақтама және жабдық бұзылған кездегі Қызметтерді көрсетудегі үзілістер үшін;

10) Қызмет көрсету мүмкін болмаған және/немесе сапаның төмендеуіне әкеп соғатын БКМ-нің техникалық ақауы үшін;

11) Қызметтерді пайдалану нәтижесінде Пайдаланушыға келтірген шығындарға;

12) Қызметтерді пайдалану барысында Пайдаланушыға көрсету барысында Пайдаланушы үшін туындаған ықтимал қолайсыз салдар үшін.

13) электр энергиясын, Интернет желісінің трафигін беру тоқтап қалған жағдайда, сондай-ақ операторға байланысты емес себептер бойынша өзге де жағдайларда шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін.

24. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін Оператордың жауапкершілігі тиісті Есепті кезең үшін Қызметті көрсету құнынан аспауы керек.

25. Шартпен қарастырылған міндеттемелер бұзылған жағдайда, Пайдаланушы қолайсыз салдар үшін жеке жауапты болады.

26. Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық төлеуші туралы салықтық құпия болып табылатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге жауап береді.

27. Пайдаланушы пайдаланушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілген оператордың жабдығын жарамды күйде және тиісті түрде уақтылы қайтару үшін жауапты болады және Операторға осы Шарттың талаптарында туындаған залалды өтеуге міндеттенеді.

7. ДҮЛЕЙ КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

28. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауынан немесе қажетті деңгейде орындамауынан, егер тиісінше орындамау дүлей күш жағдайларының салдарынан, яғни мұндай жағдайда соғыс (жергілікті жанжалдарды қоса алғанда), бүліктер, қаскөйлік істер, өрт, жарылыстар, су тасқыны немесе өзге де табиғи апаттар кіретін төтенше, күтпеген және дүлей күш жағдайлардың салдарынан орындау мүмкін болмағанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

29. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудағы кешіктіру және орындамағаны үшін, егер кешіктіру немесе орындамау Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей ықпал ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері шығу салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

30. Дүлей күштің әрекетіне ұшыраған Тарап дүлей күштің сипаты, түрі, әрекетінің болжамды ұзақтығы туралы, сондай-ақ Шарт бойынша қандай міндеттемелерді орындауға кедергі келтіріп тұрғаны туралы басқа Тарапқа 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға және осындай жағдайлардың басталғаны туралы дәлелдеме беруге міндетті (бір уақытта Оператор Порталда тиісті ақпаратты орналастыру және/немесе Пайдаланушының Жеке кабинетіне жіберу арқылы Пайдаланушыны хабардар етуге құқылы). Хабарлама болмаған жағдайда, дүлей күш әрекетіне ұшыраған Тарап алдағы уақытта оны жауапкершіліктен босататын негіздеме ретінде дүлей күш әрекетіне сүйене алмайды.

31. Дүлей күш жағдайларының болуы Тараптардың шарт бойынша міндеттерін орындау мерзімін оның қолданыс мерзіміне тең ұзартады. Дүлей күш жағдайларының әрекеті алты айдан аса уақытқа ұзарса, бір тараптың ұсынысы бойынша, Тараптар әрі қарай әрекет ету талаптарын және/немесе Шартты бұзу мүмкіндігін қарастырады.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

32. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуға және түсіндірілуге жатады.

33. Шарттан туындайтын Тараптар арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптардың бірі туындаған дау бойынша кінә қоюды немесе өзге де құжатты алған кезден бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, даулар Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының соттарында шешілуге жатады.

9. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

34. Шарт қолданыстағы Пайдаланушылар үшін – Порталда алғаш орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң немесе көрсетілген мерзім өткеннен кейін 1-өтінімнің электрондық нысанына Пайдаланушы қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген тәртіппен оны бұзғанша әрекет етеді.

35. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шартта көзделген жағдайларда бұзылуы мүмкін.

36. Пайдаланушы бұл туралы операторды портал арқылы хабардар ете отырып, Шартқа 4-қосымшада келтірілген нысан бойынша қызметтер көрсетуді тоқтатуға өтінім бере отырып, мынадай жағдайларда және тәртіппен осы Шартты (біржақты бас тарту) біржақты тәртіппен бұзуға құқылы:

1) БКМ есептен шығарылған жағдайда, кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын операторды хабардар ете отырып, БКМ есептен шығарылған болжамды күнге дейін. Бұл жағдайда оператор тиісті өтінімді алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн өткен соң қызмет көрсету және осы Шарт;

2) Шарттың 37-тармағында көрсетілген жағдайда, Шартқа өзгерістер күшіне енген күнге дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын. Бұл жағдайда қызмет көрсету және осы Шарт шартқа өзгерістер күшіне енген күннен бастап тоқтатылады;

3) өзге жағдайларда - Қызметтер көрсету мен Шартты тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жүзеге асырылады. Бұл жағдайда қызметтер көрсету және осы Шарт оператор тиісті өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң тоқтатылады.

37. Оператор Шартты оған енгізілетін өзгерістер күшіне енген күннен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Шарттың өзгерген редакциясын Порталға орналастыру жолымен біржақты тәртіпте өзгертуі мүмкін. Шартқа өзгерістер Шарттың өзгерген редакциясын алғашқы орналастырғаннан кейін, осы орналастыруға қатысты өзгерістердің күшіне енуіне мейлінше ұзақ мерзім қосымша белгіленбесе, 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді. Шарттың өзгерген редакциясын Порталға алғаш орналастырған кезден бастап, Пайдаланушы Оператор енгізген өзгерістер туралы хабарланды деп есептеледі. Пайдаланушы оператор енгізген өзгерістермен келіспеген жағдайда, Шарттың 36-тармағында көзделген тәртіппен қызметтер көрсетуді тоқтату және шарттан бас тарту туралы өтінім жолдай отырып, шарттан бас тартуға құқылы. Көрсетілген мерзімде операторға мұндай өтінім түспеген, сол сияқты пайдаланушының Шарт талаптарын

орындау бойынша іс-әрекеттер жасаған (Қызметтерді пайдалану, қызметтерге ақы төлеу және т.б.) Пайдаланушының Шарттың өзгертілген талаптарын сөзсіз қабылдағанын білдіреді.

10 БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

38. Егер осы Шартта басқалай қарастырылмаған болса, Тараптар арасында осы Шарт бойынша ақпарат (материалдармен) алмасу тек жазбаша түрде жүзеге асырылады. Тараптардың жазбаша хат алмасуы поштамен, факспен, электронды поштамен, курьер арқылы жіберіледі, Тараптың (оның уәкілетті өкілінің) қолына тапсырылады немесе оның тапсырылған фактісін (күні, уақыты) және жіберуші туралы деректерді тіркеуге мүмкіндік беретін басқа да тәсілдермен жеткізіледі.

39. Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген Тараптардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

40. Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында алшақтық болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

41. Келесі қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

1) 1-қосымша. «Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметтерін көрсету үлгілік шартына қосылуға, Қызметті қосуға және тарифтеуге өтінім (нысан)».

2) 2-қосымша. "ФДО қызметі" тарифтік жоспары».

3) 3-қосымша. «Қызметке қосылуға және тарифтеуге өтінім (нысан)».

4) 4-қосымша. «Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуді тоқтату туралы өтінім (нысан)».

42. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 286-бабының 2-тармағына сәйкес Тараптар деректер мен мәліметтерді, оның ішінде дербес деректерді өңдеуге және (немесе) иесіздендіруге қатысты Шарттың талаптары пайдаланушының порталда бастапқы (бастапқы) тіркелген немесе Пайдаланушының Қызметтерді бірінші (бастапқы) пайдаланған кезінен бастап туындаған, Тараптар реттемеген қатынастарға таратылады және қолданылады.

11 ОПЕРАТОРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

43. «Қазақтелеком» АҚ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран к-сі, 12-үй

БСН 941240000193

Бенефициары: «Қазақтелеком» АҚ филиалы – Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизион

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Желтоқсан
к-сі, 115, 4- қабат
БСН 000341001112
ЖСК KZ 716017131000000937 «Қазақстан халық банкі» АҚ,
БСК HSBKZKX, Кбе 16, ТМК 852.

Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуге арналған үлгі шартқа
1-қосымша

Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметтерін көрсетуге, қызметті қосуға және тарифтеуге арналған Үлгілік шартқа қосылуға өтінім

Пайдаланушының жеке шоты _____

Пайдаланушы туралы ақпарат:

1) Атауы _____

2) ЖСН/БСН _____

3) Заңды мекенжайы _____

4) Есеп айырысу банкінің деректемелері: банк, БСК, ЖСК

5) Байланыс деректері:

Телефон нөмірі: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

БКМ туралы мәлімет:

Сәйкестендіру нөмірі _____

БКМ тіркеу карточкаларының нөмірі _____

Қосылу мекенжайы _____

Қатынау түрі _____

Тарифтік жоспар _____

Қызметті қосу күні _____

Осы өтінімге қол қою арқылы Пайдаланушы:

- 1) Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз беру қызметтерін үлгі шарттың шарттармен танысқанын растайды және оған қосылады;
- 2) тарифтік жоспарға сәйкес қызметті қосуға және тарифтеуге өз келісімін білдіреді.

Фискалдык деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуге арналған үлгі шартқа
2-қосымша

Жазылу жүйесі бойынша тарифтік жоспарлар

Жалпы ережелер

1. Жазылу жүйесі бойынша тарифтік жоспарлар БКМ-ді қолданып жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысу операциялары туралы электронды ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгермеген түрінде беру қызметтері (бұдан әрі – Ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және беру)енеді.
2. Қызметке жазылу мерзіміне байланысты Пайдаланушы келесі тарифтік жоспарлардың бірін таңдауға құқылы:

Қызметтің атауы	Тарифтік жоспардың атауы	Ай үшін төлем мөлшері (теңге, ҚҚС-мен)	Жазылу мерзімі	Тарифтік жоспардың құны (теңге, ҚҚС-мен)
БКМ қолданумен жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысу операциялары туралы электрондық ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсету	1 айға жазылу	1500,00	1 ай	1500,00
	3 айға жазылу	1350,00	3 ай	4050,00
	6 айға жазылу	1250,00	6 ай	7500,00
	12 айға жазылу	1150,00	12 ай	13800,00

3. Жазылым жүйесі бойынша Тарифтік жоспар таңдалады және әр БКМ үшін жеке қолданылады.

4. Жазылым жүйесі бойынша таңдалған тарифтік жоспарға сәйкес қызметтер әрбір БКМ қосылған кезде пайдаланушыға келесі шарттардың жиынтығы орындалғаннан кейін ұсынылады:

- 1) Шарттың 9-тармағында қарастырылған талаптар;
- 2) Пайдаланушының Жеке кабинетін порталға тіркеу;
- 3) БКМ Мемлекеттік кірістер органдарында есепке қою;
- 4) БКМ Пайдаланушының Порталдағы жеке кабинетінде тіркеу;
- 5) БКМ іске қосу және фискализациялау.

Бұл ретте бірінші БКМ қосу үшін Пайдаланушы Жеке кабинетте 1-өтінімді, екінші және кейінгі БКМ қосу үшін, сондай-ақ жазылым жүйесі шеңберінде тарифтік жоспарды басқасына өзгерткен кезде немесе бұрын қосылған, бірақ тоқтатыла тұрған тарифтік жоспарды іске қосқан кезде Пайдаланушы Жеке кабинетте әрбір БКМ үшін 2-өтінімді беруі қажет.

5. Пайдаланушы таңдаған тарифтік жоспарды іске қосу және әрбір БКМ қатысты таңдалған тарифтік жоспар бойынша қызмет көрсету Пайдаланушы осы Қосымшаның 4-тармағын орындаған күні басталады. Таңдалған тарифтік жоспарға сәйкес жазылу мерзімінің соңғы күні қызмет көрсетудің соңғы күні болып табылады.

6. Қолданыстағы қосылу кезінде басқа тарифтік жоспарға көшу ағымдағы тарифтік жоспарға жазылу мерзімі аяқталғаннан кейін орын алады.

7. Тарифтік жоспардың құны мөлшеріндегі ақша қаражаты жазылудың барлық мерзімі үшін Пайдаланушының дербес шотынан тарифтік жоспарды іске қосқан күні бір рет есептен шығарылады.

8. Тараптардың орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілеріне қол қоюы және шот-фактураларды ұсыну Шарттың 5-бөлімінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген тарифтік жоспарлар бойынша қызметті уақытша өшіруге, сондай-ақ ағымдағы тарифтік жоспарға жазылу мерзімі өткенге дейін басқа тарифтік жоспарға көшуге жол берілмейді.

10. Пайдаланушының дербес шотында тарифтік жоспардың құнына тең немесе одан асатын мөлшердегі оң теңгерім болған жағдайда, таңдалған тарифтік жоспардың бұрын таңдалған тарифтік жоспарын таңдалған БКМ ұзартуға мүмкіндік беретін, таңдалған тарифтік жоспардың "автотолтыру" қосымша сервисі әдепкі бойынша қолжетімді.

11. Пайдаланушы Жеке кабинетте "автоматты жаңарту" сервисін өшіре алады. Бұл ретте қолданыстағы тарифтік жоспардың мерзімі аяқталғаннан кейін таңдалған БКМ пайдаланушы тарифтік жоспарды іске қосқанға дейін қызмет көрсетуді тоқтата тұрады.

12. Пайдаланушы "автоматты жаңарту" сервисін өшірген жағдайда, үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында Пайдаланушы Қолданыстағы тарифтік жоспардың мерзімі аяқталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей дербес шотты толтыруы және Жеке кабинетте 2-өтінім беруі қажет. Бұл ретте пайдаланушы сол немесе басқа тарифтік жоспарды таңдауға құқылы. Тарифтік жоспарды іске қосу Пайдаланушының дербес шотында осы Қосымшаның 1-тармағында көзделген пайдаланушы таңдаған тарифтік жоспардың құнына тең немесе одан асатын мөлшерде оң теңгерім болған кезде бұрын таңдалған тарифтік жоспардың қолданылу мерзімі өткеннен кейін келесі күні жүзеге асырылады.

13. Оператор Шарттың 37-тармағында көзделген тәртіппен осы қосымшада көзделген тарифтік жоспардың талаптарына өзгерістер енгізуге, тарифтік жоспарды таратуға құқылы. Оператор порталда тиісті ақпаратты

жариялау арқылы тарифтік жоспардың шарттарының өзгеруі/таратылуы туралы ақпаратты пайдаланушылардың назарына жеткізеді.

14. Пайдаланушының бастамасы бойынша осы Қосымшаның 1-тармағында көзделген тарифтік жоспар бойынша жазылу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетуді тоқтатқан және/немесе шартты бұзған жағдайда:

1) Оператор "1 айға жазылу" тарифтік жоспары бойынша ай үшін төлем мөлшерін қолдана отырып, қызметті пайдалану кезеңі үшін көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді жүзеге асырады;

2) пайдаланушының өтініші бойынша Оператор пайдаланушыға өзі таңдаған тарифтік жоспар бойынша көрсетілетін қызметтер құны мен осы қосымшаның 14-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған көрсетілетін қызметтер құны арасындағы оң айырманы қайтарады;

Бұл ретте пайдаланушы таңдаған тарифтік жоспар бойынша көрсетілетін қызметтер құны мен осы қосымшаның 14-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған көрсетілетін қызметтер құны арасындағы оң айырманы қайтаруға тиісті тарифтік жоспарға жазылуды пайдаланғаннан кейін айқындалған мерзім ішінде жол беріледі:

Тарифтік жоспардың атауы	Ақша қаражатын қайтаруға болатын жазылымды пайдалану мерзімі
3 айға жазылу	Бірінші айдан екінші айға дейін
6 айға жазылу	Бірінші айдан төртінші айға дейін
12 айға жазылу	Бірінші айдан тоғызыншы айға дейін

3) пайдаланушы таңдаған тарифтік жоспар бойынша қызметтер құны мен осы қосымшаның 14-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған қызметтер құны арасындағы теріс айырма кезінде пайдаланушыдан қосымша сома алынбайды.

2 Ақпараттық және техникалық қолдау көрсету шарттары

15. Пайдаланушылардың Оператордың тәулік бойы консультациялық-ақпараттық қызметіне жүгінуі бойынша Оператор Пайдаланушыларға қызметке байланысты мәселелер бойынша ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау және беру бойынша ақпараттық және техникалық қолдау көрсетеді. Порталда бірыңғай теру нөмірі және Оператордың консультациялық-ақпараттық қызметінің электрондық мекен-жайы көрсетілген.

Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және
салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуге
арналған үлгі шартқа
3-қосымша

Нысан

Қызметке қосылуға және тарифтеуге өтінім

Пайдаланушының дербес шоты _____

Пайдаланушы туралы мәлімет:

1) Атауы _____

2) ЖСН/БСН _____

3) Заңды мекенжайы _____

4) Есеп айырысу банкінің деректемелері: банк, БСК, ЖСК

5) Байланыс деректері:

Телефон нөмірі: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

БКМ туралы мәлімет:

Сәйкестендіру нөмірі _____

БКМ тіркеу карточкаларының нөмірі _____

Қосылу мекенжайы _____

Қатынау түрі _____

Тарифтік жоспар _____

Қызметті қосу күні _____

Осы өтінімге қол қою арқылы пайдаланушы таңдалған тарифтік жоспарға сәйкес қызметті қосуға және тарифтеуге өз келісімін білдіреді.

Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуге арналған үлгі шартқа
4-қосымша

Нысан

Фискалдық деректерді қабылдау, өңдеу, сақтау және салық органдарына өзгеріссіз түрде беру қызметін көрсетуді тоқтату туралы өтінім

Пайдаланушының дербес шоты _____

Пайдаланушы туралы мәлімет:

1) Атауы _____

2) ЖСН/БСН _____

3) Заңды мекенжайы _____

4) Есеп айырысу банкінің деректемелері: банк, БСК, ЖСК

5) Байланыс деректері:

Телефон нөмірі: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

БКМ туралы мәлімет:

Сәйкестендіру нөмірі _____

БКМ тіркеу карточкаларының нөмірі _____

Қосылу мекенжайы _____

Қатынау түрі _____

Тарифтік жоспар _____

Қызметті өшіру күні _____

Жоғарыда көрсетілген сипаттамаларға сәйкес көрсетілетін қызметті өшіруді сұраймын.

Осы өтінімге қол қою арқылы Пайдаланушы қызмет көрсетуді тоқтату шарттарымен танысқанын және келісетінін растайды.

Өтінім беру Пайдаланушыны көрсетілген қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемеден босатпайды.